

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫ КЕМЕҢГЕРЛІГІ**Кипшакбаев К.З., п.ғ.м., оқытушы****Шадаев Б.Ш., оқытушы***«Болашақ» университетінің жоғары колледжі, Қызылорда қаласы*

E-mail: k_zeinulla@mail.ru, bakbrg9519@mail.ru

Бұл мақалада тәуелсіз, егеменді Қазақстан Республикасының 30 жылдығында жеткен белестері, жетістіктері, ішкі және сыртқы саясаттағы атқарылған жұмыстары, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіздігімізді тұғырлаудағы дана саясаты, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Елбасы ісін жалғастырушы ретіндегі Қазақстан халқына Жолдауындағы алдағы төртінші онжылдыққа қойған міндеттемелері мен жоспарлары, «Тәуелсіз бәрінен қымбат» атты мақаласы және тәуелсіз еліміздің әлемдік аренадағы алатын орны туралы айтылады.

Тірек сөздер: *Тәуелсіздік, егемендік, ішкі және сыртқы саясат, Ұлт көшбасшысының даналық саясаты*

В данной статье рассматриваются достижения 30-летия независимой суверенной Республики Казахстан, проделанная работа во внутренней и внешней политике, мудрая политика Первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева в укреплении нашей независимости, предстоящая четвертая конференция обязательства и планы на ближайшее десятилетие, статья «Независимость - самое дорогое» и роль независимого государства на мировой арене.

Ключевые слова: *Независимость, суверенитет, внутренняя и внешняя политика, политика мудрости лидера нации.*

This article examines the achievements of the 30th anniversary of the independent sovereign Republic of Kazakhstan, the work done in domestic and foreign policy, the wise policy of the First President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in strengthening our independence, the forthcoming fourth conference, commitments and plans for the next decade, the article "Independence is the most precious »And the role of an independent state in the world arena.

Key words: *independence, sovereignty, domestic and foreign policy, the policy of wisdom of the leader of the nation.*

Кіріспе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі атты» биылғы Жолдауында егемен ел болғанымызға - 30 жыл толуымен, ал тәуелсіздік-біздің ең қастерлі құндылығымыз дей отырып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болғанымызды атап өтті. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың дара саясаты мен көшбасшылық қасиетінің арқасында бүкіл әлемге танымал, іргесі біртұтас, жаңа мемлекет құрылғанын тілге тиек ете келе, «Егемендік дегеніміз-жалаң ұран мен жалынды сөз емес, біз үшін ең маңыздысы - әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы, оның басты көрінісі-елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық, сондай-ақ халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы» деп, алдағы уақытта да барлық бастаманың осы бағытта жалғасатынын атап көрсетті. Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығында баршамызға жүктелген жауапкершілік пен көтерілген мәселелер Мемлекет басшысының жыл басындағы «Тәуелсіздік-бәрінен қымбат» атты мақаласымен үндесіп жатыр. [1, 1-566]

Биыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл - қайта жаңғырған қазақ мемлекеттілігінің, ата-бабаларымыздың аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл - көзді ашып-жұмғандай қас қағым сәт. Дегенмен, қиындығы мен қуанышы, дағдырысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Бізде осындай жолмен өтіп келеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз керек. Президент айтқандай, біз үшін аса қымбат дүние-тәуелсіздік. Президент мақала ауқымды төрт бөлімнен тұрады. «Бағдар мен белес» деп аталатын бөлімде тәуелсіздігіміздің мерейлі мерзімін үш онжылдық белеске бөліп, еліміздің іргетасының қаланғаны, қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңін, еліміздің өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналғаны, әлемдегі беделі туралы айтылған. Алдағы төртінші онжылдықта жететін меже-заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру, өркениетті, дамыған елдер қатарынан болуды көздейді. «Таным мен тағылым» бөлімінде халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға бағытталған ой - тұжырымдарымен бөлісіп, ұлт жадын жаңғыртатын уақыт келгенін пайымдайды. «Қоғам және құндылық» бөлімінде Мемлекет басшысы егемендігіміздің мәңгілік ұштағанына балаған байтақ жерімізді, қастерлі тілімізді, береке-бірлігімізді көздің қарашығындай сақтауға үндейді. Әлем социологтары Тәуелсіздік ұғымын әлеуметтік тұрғыдан бес тірекке жіктепті. Олар-әкімшілік-басқару тәуелсіздігі, атамекен-территориялық тәуелсіздік, ата-баба қанымен жалғасқан гендік тәуелсіздік, тұрмыстық (экономикалық) тәуелсіздік, рухани тәуелсіздік. Әкімшілік-басқару тәуелсіздігіміздің ұстыны-армия, күштік құрылымдар олар мемлекетті сыртқы және ішкі жаудан қорғайды. Атамекен тәуелсіздігіміздің тірегі-ұлағатты ұрпақ. Мақаладағы «Біздің мақсатымыз-келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай, лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу» деген ой бабалар арманымен үндесіп жатыр. Үшінші тірегі-ата-баба қанымен жалғасқан гендік саясат, төртінші тірек-тұрмыстық тәуелсіздік, оның ұстанымы-еңбекшіл бұқара. Бесінші тірек-рухани тәуелсіздіктің ұстыны оқымысты-ағартушы ғалымдар һәм тіл мен діл бірлігі. Осы бес ұстын қолдың бес саласындай жетілген жағдайда сол қауым қуатты елге айналады. «Ұлағат және ұстаным» бөлімінде саяси жаңғыру мәселесіне, адамның құқығын сақтауға негізделген заң мен тәртіпке, жасампаз ұрпақ тәрбиесіне тоқталады. Біз өз кезегімізде Мемлекет басшысының мақаласын қолдай отырып, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде негізге алып, жұмыстарды ұтымды жалғастыруымыз керек [2,2-366].

Зерттеу әдістері, нәтижелері.Тәуелсіздік-халықтың таңдауы.Тәуелсіздік-біздің ұлттық идеямыз! Жер бетіндегі ірі-ұсақты халықтардың өз алдына мемлекет құра алғандары онша көп емес - Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше елдердің саны - 193 ғана мемлекет. Ағылшын қайраткері Бенджамин Дизраэлидің «Тәуелсіздік ала сала отар болудан қала салмайсың» деген зілді сөзі сондықтан айтылған. Абыз Әбіш Кекілбаевтың «Тәуелсіздік-тәу етер жалғыз киен» деген сөзі бостандықтың бағасын бергендей. [3, 463-466 бб] Азаттық үшін арпалысқан бабаларымыздың арманы 1991 жылдың 16 желтоқсанында Тәуелсіздік ретінде бастау алды. Әлем көгінде Қазақстан Республикасы деп аталатын жаңа тұрпатты мемлекеттің Туы көтерілді, тәуелсіздікті орнықтыру одан да үлкен күшке түсті. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың орасан зор күш-жігері, ақыл-парасаты, сындарлы да салмақты саясаты және қазақстандықтардың бірлігі арқылы біз осы күнге жеттік. 300 жылдан астам бодандықта болған халықтың байырқалы бостандыққа, егемен елдікке, азат рухқа деген арпалысының нақты жемісі болып, бүгінгі ұрпақ тәуелсіз мемлекетке, бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде өмір сүріп жатыр. Өз тағдырымызды өзіміз айқындап алдық, енді жарқын болашағымызды өз қолымызбен жасауадымыз. Елбасы ретінде Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздігімізді теңселтпей, Егемендігімізді еңкейтпей, Азаттығымызды аласартпай 30 жыл ел басқарып, баға жетпес құндылықтарымызды-

бейбітшілік, игілік, өркендеу, әділдік және баршаға ортақ тең мүмкіндіктерді негізге алып, Тәуелсіздігімізді нығайтты. Тәуелсіздігіміздің мызғымас тұғыры бекітілді, Мәңгілік Ел болуға бет бұрдық. Тәуелсіздік күні-баршамыз үшін, күллі қазақстандықтар үшін қастерлі ұлы мереке күні болып қалады. Тәуелсіздік-сан буын бабалардың қасиетті жеріміздің әрбір қадамын қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өтеуі. Тәуелсіздік-берігей тарихы мен мәдениеті бар, мемлекеттік тілін және барлық қазақстандықтардың этностық тілдерін құрметтейтін халқымыздың мызғымас бірлігін Елбасы «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасында, 2014 жылы «Тәуелсіздік толғауында» баяндалған идеялардың стратегиялық сабақтастығын көреміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік және Елбасы тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналды десек, ақиқатты айтқан болар едік» деп нақты атап өтті. Өзінің бағдарламалық мақаласының соңында Президент жаһандық әлемде қуатты және тәуелсіз мемлекетке арқа сүйеуі арқылы ғана ұлтымыздың аман қалатынын атап өтті. Бұл-өзгермейтін ақиқат. Сондықтан Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында мемлекет пен қоғамның басты ұраны, идеологиялық ұстанымы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат»болуы тиіс. Біздің ортақ міндетіміз-осы ұранды нақты экономикалық, әлеуметтік,ғылыми, ағартушылық және мәдени істермен толықтыру және халықтың бірлігін тәуелсіздігімізді сенімді қорғай алатындай жаңа деңгейге көтеру керек деп ойлаймыз. [4,4-566] Мемлекет басшысының мақаласын оқи отырып, Тәуелсіздігіміздің негізін қалаған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясаты мен көрегендігіне тоқталамыз. Әлемдік ауқымдағы саяси қайраткер – Елбасының аймақтық және жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы үлесі зор. Айта кету керек, АҚШ, Ресей, Қытай, Еуропалық одақ, көрші елдермен өзара ынтымақтастықтың орнауы, БҰҰ, ТМД, ЕҚЫҰ, ИЫҚ және тағы басқа ұйымдарға Қазақстанның кіруі, Семей полигонының жабылуы үлкен қадам болды. 2010 жылдың 3 тамызында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) қатысушы мемлекеттердің Сыртқы істер министрлер Кеңесі тарихи шешім қабылдады. Бұл ұйымға мүше елдердің ортақ ұйғарымы бойынша, 2010 жылдың 1-2 желтоқсанында елордада халықаралық өмірдегі ең басты саяси оқиға – ЕҚЫҰ саммиті өтетіндігі жарияланды. Азия және ТМД мемлекеттері арасынан Қазақстанда тұңғыш рет аталған саммит өткізілді. Бұл қазақстандықтардың 1991-2010 жылдар арасындағы жүргізілген іс қимылдары нәтижесінде қол жеткізілген табыс пен халықаралық қоғамдастықтың Қазақстанға жоғары құрметінің белгісі еді. Заманауи кезеңде «еуропалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құрлықтық шеңбер ауқымынан асып кеткендігі» жөніндегі тезисті ұсынуда Қазақстан белсенділік көрсетті. Бұған әлем құлақ аса бастады. Халықаралық қоғамдастық еуратлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік категорияларын пайдалануды үрдіске айналдырды. Қазақстан сын – қатерлерге, әсіресе терроризм мен есірткі тасымалына қарсы тұрудағы ЕҚЫҰ ұйымының рөлін арттыру қажеттігін мәлімдеді. Ауғанстан мен орталық Азиядағы (Қырғызстандағы саяси дағдарыстар) қауіпсіздік мәселесін бейбіт түрде реттеу күн тәртібінде тұрған болатын. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астана саммитіне көп үміт артты. Бұл тарихи шара Қазақстандағы «толеранттылық, дәстүрлерді құрметтеу, сенім мен өзара түсіністік тәрізді басты құндылықтармен таныстырудың мүмкіндігі» болатын. Астана әлем жұртшылығына ЕҚЫҰ-ның «Хельсинкиден Астанаға дейінгі» табысты эволюциясын» жария етті. Қазақстандықтардың беделін асырған бірлік пен патриотизм нығая түсті. Ішкі экономикадағы және әлеуметтік өзгерістерді жүргізуде Оңтүстік Шығыс Азия елдері үлгілеріне мән берілді. Қазақстандағы тәуелсіздіктің алғашқы жиырма жылында жеткен жетістіктердің бастысы халықаралық стандарт бойынша Қазақстанның білім беру саласының дамыған елдер тобына енгендігі. 2000-2010 жылдар аралығында білім саласына бөлінген қаржы 9 есе, яғни 100 миллиардтан 900 миллиард теңгеге дейін өскен. Ішкі экономикадағы және әлеуметтік өзгерістерді жүргізуде Оңтүстік – Шығыс Азия елдері үлгілерінде мән берілді. Қазақстандағы тәуелсіздіктің алғашқы жиырма жылында жеткен жетістіктердің

бастысы – халықаралық стандарт бойынша Қазақстанның білім беру саласының дамыған елдер тобына енгендігі. 2000-2010 жылдар аралығында білім саласына бөлінген қаржы 9 есе, яғни 100 миллиардтан 900 миллиард теңгеге дейін өскен. Мұның нәтижелері: «Болашақ» бағдарламасы, Инновациялық – зияткерлік мектептер, Назарбаев Университет, Халықаралық университеттер және басқалар. Еуразия ғажайыбы – жаңа елорда бой көтерді. Бүгінгі күні Нұр – Сұлтан қаласы – түрлі бағыттағы идеялардың және Қазақстан экономикасының, мәдениеті мен саяси өмірінің орталығына айналды. Дәл осы қалада ЕҚЫҰ саммитінен кейін әлемдік саясатта жаңа – «Астана рухы» ұғымы пайда болды. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев: «Алматы – тәуелсіздік бесігі, ал Астана – болашақтың бесігі» болатындығын халыққа жариялаған болатын. Қазақстан – өңірлік ықпалдастықтың тұрақты жақтаушысы. Біздің еліміз өңірлік көлік инфрақұрылымын құруға белсенді түрде инвестиция салуда. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай көлік дәлізі», «Қазақстан – Түрікменстан - Иран» темір жол бағыты, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектесетін халықаралық күштерді шығаруға арналған Солтүстік тарату жүйесіндегі Қазақстанның көлік инфрақұрылымы, «Жаңа жібек жолы» бастамасы аясындағы жаңа идеялар, Қазақстанның өңірлік ықпалдастыққа қосқан үлесі. Дүние жүзінің назарын аударған оқиғалардың бірі-2016 жылы Вашингтонда өткізілген Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV саммиті аясында, Карнеги қорының штаб-пәтерінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Жаһандық ядросыз әлем стратегиясын жариялауы болатын. Адамзатқа «XXI ғасыр: соғыссыз әлем» атты кең ауқымды бағдарлама қажеттілігі заңдылыққа айналуға. Елбасының тарихи мәлімдемесі, жаһандық сын-қатерлер аясында бұрынғыдан да ең қажетті құрал ретінде ел бірлігі-басты құндылыққа айналып отыр. [5, 150-160 бб.] Елбасының тарихи мәлімдемесі, жаһандық сын қатерлер аясында бұрынғыдан да ең қажетті құрал ретінде ел бірлігі – басты құндылыққа айналып отыр. 1992 жылы Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын көтерді, нәтижесінде 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясын Мемлекет басшысы жанындағы консультативті кеңесші орган мәртебесімен құру туралы Президенттің Жарлығы шықты. 1997 жыл – «Ұлттық татулық және саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алу жылы», 1998 жыл – «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» туралы Қазақстан Президентінің жарлықтары жарияланды. Тұңғыш Президентіміз Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларын сұхбат алаңына тоғыстыру идеясын көтерді. Нәтижесінде, Қазақстан – дінаралық үн қатысу орталығы ретінде елордамызда 2003, 2006, 2009, 2012, 2015 және 2018 жылдары діндер көшбасшыларының съездері өтті. Президент Қасым – Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында «Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында экономиканың дамуы үшін берік негіз қаланды, әлемдік аренада абырой – беделге ие болдық. Сондықтан әлемнің жаңа болмыс-бітімі қалыптасып жатқан шақта біз реформаларға тың серпін беруіміз керек. Бұл бағытта Ұлт жоспарын және Бес институттық реформаны негізгі бағдар етіп ұстануымыз қажет. Біз азаматтарымыздың лайықты өмір сүруіне жағдай жасауға, олардың құқықтарын қорғауға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге міндеттіміз», деп атап айтты.

Саясаттағы осындай сабақтастық еліміздің «Қазақстан - 2050» стратегиясында айқындалған сара бағытпен серпінді дамуына кепілдік береді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Семей қаласында «Абай және оның ұлдары» атты ескерткішін ашып, Ұлы ақынға игі ілтипатын көрсетті. Сонымен бірге, Ұлы ақынның құрметіне арналып ақындар айтысы, шетелдік ғалымдармен бірлескен халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар, танымдық іс-шаралар жыл бойы өткізіліп келеді. Тұңғыш Президент бастамаларының маңыздысы-шетелдегі қандастардың елге оралуына қатысты жүйелі көші-қон мәселесін қолға алып, халықаралық қатынастар мен ішкі әлеуетті үйлестіре нәтижелі іс-қимылдар жүргізуінде. Бүгінгі күні қандастардың үлесі жалпы тұрғындардың 6 пайызын құрайды. Атажұртқа оралған қандастарымыз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосуда. Тәуелсіздік тақырыбын қозғасақ, Елбасының ерен-қажырлы еңбегін қосыла айтамыз, себебі екі ұғымда ұштаса айтылуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын мақсаты мен міндеттерін айқындап беріп, қоғамдық диалог формаларының қағидаттарын іске қосты. 2019 жыл Жастар жылы болып жарияланып, жаңа бастамалар мен жобаларды жүзеге асыруға жол ашылды. 2020 жыл-Волонтерлер жылы шеңберінде біздің осы бір маңызды тірлікке толыққанды серпін берілді. Әлеуметтік-медициналық жүйелердің жаңа компоненттері-медициналық сақтандыру, жоғары оқу орындарын акционерлендіру енгізілді. «Ұстаз мәртебесі» туралы Заң қабылданды. Тарихи даталар-Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы, Алтын Орданың (Жошы ұлысының) 750 жылдығы, Ұлы Отан соғысының 75 жылдығы, Қазақ Автономиясының құрылғанының 100 жыл секілді шаралардың Жалпыұлттық кешенді шаралары бекіліп, мемлекеттік дәрежеде кең ауқымда өткізілді. Барлық іс-шараларға арқау болған «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламаларын жүзеге асырудағы баға жетпес тәжірибелерді пайдаланып, төл тарихымызды әрі аша түсуге ықпалын тигізуде. Елбасының интеллектуалдық күш-жігерінің арқасында «Мәдени мұра», «Мәңгілік Ел», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларындағы ұлы ұғымдар айналысқа енсе, өркениеттік маңызы бар жалпымәдени құндылықтар - Тәуелсіздік, мемлекеттілік, жер, тіл мен діл, отбасы және салт-дәстүр- біздің заңнамаларымызға енгізіліп, нақты көрініс табуда. Латын жазуына көшер сәтті дұрыс пайдаланып, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, оның қоғам өміріндегі түрлі саладағы орнын анықтау басты назарда болуы тиіс. 2021 жыл ұлы мұратымыз Тәуелсіздігіміздің - 30 жылдығы мерейтойы, қалың қазақты жалмаған Ашаршылыққа 100 жыл болады және Архив-2025 жобасы бойынша зерделеу жұмыстары жалғасын табуы тиіс шаралар болып қала бермек, Алаш идеясында жалғасын таппақ. Жаһандану жағдайында ұлттық қадыр-қасиеттерімізді қастерлеп сақтау өте маңызды. Еліміздің Даму Стратегиясы (Қазақстан-2030) осыдан 24 жыл бұрын қабылданған.

Қорытынды. Ұлт көшбасшысы, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтсақ: «Бостандықты бағалаудан, азаттықты ардақтаудан, тәуелсіздікке тәу етуден артық ешбір бақыт жоқ. Тәуелсіздік - тәуекел еткеннің ғана тағдырына бұйыратын бақыт!» дей отырып, ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмылып, Елбасы бастаған, Мемлекет басшысы жалғастырған сарабал саясатын халық болып қолдап, рухымыз биік, жолымыз нұрлы, «Мәңгілік Елге» айналып, мемлекетіміз мәңгі болсын. Қорыта келгенде, Тәуелсіздігіміздің - 30 жылдық мерейлі жылдарында жеткен толағай табыстары Елбасының орасан зор қажырлы еңбегі және әлемдік аренадағы сұңғыла саясаткердің тұлғасын көрсетеді деп ойлаймыз және кейінгі ұрпаққа жеткен қазынамыз - Тәуелсіздігіміз аманат болары сөзсіз. [6, 1-2 бб] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды. Шын мәнінде ұйымдасқан ұтады. Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді деп, халқымыз бекер айтпаған. Біздің күш-қуатымыз-берекелі бірлікте, ендеше бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік, қасиетті Отанымыз мәңгі жасай берсін» деп аяқтаған сөзін, ендегі жерде әрқайсымыз Мемлекет басшысы жүктеген жауапкершіліктерді сезініп, барлық бастамаларды лайықты жүзеге асыруға міндеттене отырып, Тәуелсіздігімізді нығайту үшін, ел үшін еселі еңбек ету басты парымыз болып қала береді. Қасиетті Отанымыз мәңгі жасай берсін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қасым-Жомарт Тоқаев. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына Жолдауы. «Egemen Qazaqstan» Жалпыұлттық республикалық газет. 1-5 беттер. 02.09.2021 жыл
2. Қасым-Жомарт Тоқаев. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. «Egemen Qazaqstan» Жалпы ұлттық республикалық газеті, №2, 5 қаңтар 2021 жыл, 2-3 беттер.
3. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан жолы. Алматы, «Жібек жолы», 2012 жыл, 463-бет.
4. Қ.Е. Көшербаев. Тәу етер жалғыз киеміз. «Egemen Qazaqstan» газеті, 10 желтоқсан 2019 жыл. 4-5 беттер.

5. Б.Кәрібаев. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Алматы, 2016 жыл, 150-160 беттер.

6. Қасым-Жомарт Тоқаев. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы. «Egemen Qazaqstan» газеті, 2 қыркүйек, 2020 жыл